

**Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеліп соққан авариялардың, зілзалалардың және апаттардың себептерін тексеру ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 1351 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 457 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеліп соққан авариялардың, зілзалалардың және апаттардың себептерін тексеру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 24 желтоқсандағы  
N 1351 қаулысымен бекітілген

**Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеліп соққан авариялардың, зілзалалардың және апаттардың себептерін тексеру ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеліп соққан аварияларды, зілзалаларды және апаттарды (бұдан әрі - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау жағдайлары) тексеру тәртібін айқындайды.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау жағдайларын тексерудің мақсаты - себептерін анықтау, олардың зардаптарын жою жөнінде шаралар белгілеу, олардың алдын алу жөнінде қажетті іс-шаралар әзірлеу және материалдық зиянды анықтау.

3. Қауіпті өндірістік объектілердегі авариялардың себептерін тексеру тәртібін "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 сәуірдегі Заңына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп өздерінің құзыреті шегінде белгілейді.

## **2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау жағдайларын тексеру**

4. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау жағдайлары осы Ережеде белгіленген тәртіппен комиссияның тексеруіне жатады.

Ғаламдық және аймақтық ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылатын комиссия тексереді. Жергілікті және объектілік ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органы құрастын комиссия тексереді.

Комиссия құрамына табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның, министрліктердің, агенттіктердің және олардың аумақтық органдарының, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, мүдделі ұйымдардың басшылары кіреді.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

5. Комиссия тексеру барысында оқиғаны көргендерден, лауазымды және басқа адамдардан жазбаша және ауызша түсініктемелер алуға, сараптамалық қорытынды талап ететін мәселелерді шешу үшін ұйымдардың, бақылау және қадағалау органдарының мамандары, ғалымдар қатарынан белгіленген тәртіппен кіші сараптама комиссияларын құруға құқығы бар. Кіші сараптама комиссиясы және оның төрағасы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың себептерін тексеру жөніндегі комиссия төрағасының өкімімен тағайындалады. Сараптамалық қорытындыны талап ететін мәселелер жазбаша түрде беріледі. Кіші сараптама комиссиясының барлық мүшелері қол қойған материалдар комиссия төрағасы белгілеген мерзімде комиссияға тапсырылуы және тексеру материалдарына қоса берілуі тиіс.

6. Комиссия тексеру барысында болған оқиғаның жағдайларын анықтайды, оның себептерін, нормативтік құқықтық кесімдердің жіберілген бұзушылық сипатын, жауапты адамдар құрамын белгілейді және оларды жазаға тарту шараларын ұсынады, зардаптарды жою және осындай жағдайлардың

кайталануын болдырмау жөнінде іс-шаралар белгілейді, қирау және материалдық зиян мөлшерін анықтайды.

7. Комиссия 10 күн ішінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеліп соққан авариялардың, зілзалалардың және апаттардың себептерін тексеру актісін жасайды, осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқа құжаттар мен материалдарды ресімдейді. Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Қажет болған жағдайда, тексеру мерзімін комиссияның ұсынысы бойынша табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау жағдайларын тексеру жөніндегі комиссияны тағайындаған орган белгіленген тәртіппен олардың ауқымына және қосымша зерттеулер мен сараптамалар жүргізу қажеттілігіне қарай ұзартуы мүмкін.

Егер комиссия мүшесі комиссияның қорытындысымен келіспесе, тексеру материалдарына қоса беру үшін өзінің дәлелді ерекше пікірін жазбаша түрде тапсыруы тиіс.

8. Тексеру материалдары мыналарды қамтуы тиіс:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды тексеру жөніндегі комиссияны тағайындау туралы өкім жазылған құжат;

2) тексеру актісі;

3) төтенше жағдайлардың орнын қарау хаттамасы, жоспарлар, схемалар, н о б а й л а р , с у р е т т е р ;

4) комиссия төрағасының техникалық және экономикалық сараптаманы тағайындау туралы өкімі;

5) аварияның себептері, зертханалық және басқа да зерттеулердің, эксперименттердің, талдаулардың нәтижелері туралы кіші сараптама комиссиясының қорытындысы;

6) әскерилендірілген авариялық-құтқару, атқыламаға қарсы және өртке қарсы қызметтер мен бөлімдер басшыларының баяндама жазбахаттары, егер бұл қызметтер төтенше жағдайларды жоюға шақырылған болса;

7) аварияға қатысы бар куәгерлерден, адамдардан, сондай-ақ МЕМСТ талаптарының, техникалық қауіпсіздік жөніндегі нормалар мен ережелердің сақталуына жауапты лауазымды адамдардан жауап және түсініктеме алу х а т т а м а л а р ы ;

8) зиян туралы мәліметтер, сондай-ақ төтенше жағдайларды және оның себептерін сипаттайтын басқа да материалдар (анықтамалар, көшірмелер).

9. Тексеру материалдарын (актіні және оның қосымшасын) техникалық ресімдеу және тиісті мемлекеттік басқару органдарына жіберу табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына, жергілікті атқарушы органдарға және мүдделі ұйымдарға

ж ү к т е л е д і .

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

10. Лауазымды адамдар мен азаматтардың заңсыз іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі анықталған жағдайда тексеру материалдары кінәлілерді жауапқа тарту үшін тиісті органдарға жіберуге жатады.

11. Комиссия табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды тексеру нәтижелері бойынша белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдарды хабардар етеді.

12. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар, мүдделі ұйымдар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды, олардың себептерін зерделеуді және талдауды қамтамасыз етеді, оның алдын алу бойынша комиссия ұсынған іс-шараларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдайды.

Қосымша

**Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеліп соққан авариялардың, зілзалалардың және апаттардың себептерін тексеру актісі**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар (бұдан әрі - ТЖ) болған облыстың (қаланың), орынның атауы, ұйымның аты, оның ұйымдық-құқықтық нысаны, меншік нысаны және мекен-жайы:

---

2. Комиссия құрамы:  
Комиссия төрағасы:

---

(аты-жөні, лауазымы)

Комиссия мүшелері:

---

3. Ұйымның, объектінің, учаскенің, аумақтың, ТЖ орнының сипаттамасы (қысқаша).

---

Бұл бөлімде басқа мәліметтермен бірге: объектінің ТЖ-ға дейінгі жұмыс режимін, жабдықтарды көрсету (бекітілген, нақты, жобалық), объектінің авария

алдындағы жағдайы, техникалық пайдалану ережелерінің сақталуы туралы қорытынды беру; осы объектіде бұрын осыған ұқсас ТЖ болды ма, олардың алдын алу жөнінде іс-шаралар әзірленді ме (қашан, кім және қандай, олар қалай орындалды) екендігін көрсету қажет.

4. Қызмет көрсетуші персоналдың біліктілігі (қауіпсіздік техникасы бойынша қайда және қашан оқып-үйренуден және нұсқама алудан, біліктілік комиссиясында білімін тексеруден өтті).

5. ТЖ жағдайы. (Осы бөлімнің соңында ТЖ сипатын көрсету керек).

6. ТЖ-ның ұйымдастырушылық және техникалық себептері. (Әрбір себептен кейін заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдердің қандай талаптары орындалмады немесе бұзылды).

7. ТЖ-ның себептерін жою жөніндегі іс-шаралар (ТЖ зардаптарын жою және орындау мерзімін көрсете отырып, олардың қайталануын алдын алу жөніндегі шараларды баяндау керек).

8. ТЖ-ға жол берілгені үшін жауапты заңды және жеке тұлғалар туралы қорытындылар және ұсынылған жазаға тарту шаралары. (Нормативтік құқықтық кесімдердің қандай талаптары орындалмағанын немесе олардың бұзылғандығын көрсету, ТЖ болған сәттегі жергілікті атқарушы органдардың, жедел қызмет көрсетуші персоналдың іс-қимылдарына баға беру).

9. ТЖ-дан келген зиянның жиынтық көлемі, барлығы \_\_\_\_\_  
т е н г е .

10. Өзге ақпарат (қажет болған кезде).  
Тексеру жүргізілді және акт жасалды:

---

(жылы, айы, күні)

Қосымша: тексеру материалы \_\_\_\_\_ парақ.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері: